

"Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 28 мамырдағы № 378 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23 сәуірде № 16797 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 01.04.2020 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 28 мамырдағы № 378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11450 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 14 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында және жүргізілген ядролық сынақтардың салдарынан ластанған басқа аумақтарда қызметтерді жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар – рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Аккредиттелген ұйым ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде ұсынған есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 14- қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет - ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 05 сәуірдегі
№ 114 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 28 мамырдағы
№ 378 бұйрығына
14-қосымша

"Аккредиттелген ұйым ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде ұсынған есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Аккредиттелген ұйым ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде ұсынған есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11222 болып тіркелген) бекітілген "Аккредиттелген ұйым ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде ұсынған есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезіндегі есеп айырысу әдістемесіне келісім - хат, немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібін сипаттау

4. Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттарды беру мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орылудың ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлінісінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түскен құжаттарды тіркеуді немесе өтінішті қабылдаудан бас тартуды 4 (төрт) сағат ішінде жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштамаға қол қояды және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін келіп

түскен құжаттарды ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына 4 (төрт) сағат ішінде береді;

3) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы құзыреті бойынша ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезіндегі есеп айырысу әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) дұрыстығын 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарастырады;

4) талдау және инспекциялау басқармасы құзыреті бойынша Әдістеменің дұрыстығын 19 (он тоғыз) жұмыс күні ішінде қарастырады;

5) талдау және инспекциялау басқармасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды;

6) көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары 4 (төрт) сағат ішінде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды;

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 4 (төрт) сағат ішінде көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді жүзеге асырады.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні бар тіркелген өтініш немесе өтінішті қабылдаудан бас тарту;

2) салынған қарар және өтінішті ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына беру;

3) талдау және инспекциялау басқармасына Әдістеменің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытындыны беру;

4) дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытынды;

5) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

7) берілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары;

3) талдау және инспекциялау басқармасы;

4) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді және Стандарттың 9- тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактісі орын алған жағдайда, өтінішті қабылдаудан бас тартады. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылып, қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды келіп түскен күнімен тіркейді және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштамаға қол қояды және мемлекеттік қызметті алу үшін түскен құжаттарды ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;

3) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы құзыреті бойынша Әдістеменің дұрыстығын қарастырады және Әдістеменің дұрыстығы және дұрыс еместігі туралы қорытындыны талдау және инспекциялау басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 8 (сегіз) жұмыс күні;

4) талдау және инспекциялау басқармасы құзыреті бойынша Әдістеменің дұрыстығын қарастырады және Әдістеменің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытынды дайындайды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 19 (он тоғыз) жұмыс күні;

5) талдау және инспекциялау басқармасы Әдістеменің дұрыстығы туралы екі қорытынды болған жағдайда Әдістемеге келісім - хат жобасын, ал Әдістеменің дұрыс еместігі туралы бір немесе екі қорытынды болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын дайындайды. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы талдау және инспекциялау және ядролық физикалық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) жұмыс күні;

6) Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасына көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қояды;

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;


7) көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат.


9. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі жүгіну және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдардың) бірізділігінің тәртібін сипаттау осы регламентке қосымшаға сәйкес бизнес - процестің анықтамалығында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет - ресурсында орналастырылады.

"Аккредиттелген ұйым ядролық,
радиациялық және ядролық
физикалық қауіпсіздік
сараптамасын жүргізу кезінде
ұсынған есеп айырысу
әдістемесін келісу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне
қосымша

"Аккредиттелген ұйым ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезінде ұсынған есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес - процестерінің анықтамалығы



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.